



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 15 қаңтар

2018 жылғы 5 қаңтардан 12 қаңтар аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

12 қаңтардағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,1%-ға (330,13-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 329,67 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 5 қаңтардан 12 қаңтар аралығындағы маңызды оқиғалар Еуропа орталық банкінің желтоқсандағы отырысының хаттамасын жария етуі, Еуроаймақтағы қараша айындағы жұмыссыздық және АҚШ-тағы инфляцияның өсуі бойынша экономикалық деректер, ЕОБ өкілдерінің АҚШ-тың экономикалық тұрақтылығы және ЕОБ-нің монетарлық саясатына қатысты түсініктемелері болды. Осы факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда әлсіреуіне әкеліп соқты.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранді** «Африка ұлттық конгресі» көшбасшы саяси партиясының жеке мақсаттарына мемлекет қаражатын ысырап қылумен байланысты ОАР басшысының төңірегіндегі шиеленістің күннен күнге өсуі аясында 0,5%-ға (12,31-ден 12,37-ге дейін) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы** 0,4%-ға (63,37-ден 63,34-ге дейін) әлсіреді;
- **Түрік лирасы** 0,3%-ға (3,74 –тен 3,75-ке дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 0,5%-ға (13 416-дан 13 353-ке дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** S&P рейтингтік агенттігінің кредиттік рейтингті ВВ- деңгейге дейін төмендетуіне қарамастан, 0,6-ға (3,23-тен 3,21-ге дейін) нығайды,
- **Ресей рублі** 0,6%-ға (56,93-тен 56,60-қа дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** 0,7%-ға (19,18-ден 19,04-ке дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына
қарағанда өзгеруі, %
(2018 жылғы 5 -12 қаңтар)**



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz